

ميثاق
كارامولينسكي

ميثاق كارامولينسكي

◆ قارامولينский устав

◆ قارامола ережесі

◆ Абай Құнанбайұлы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

ҚАРАМОЛА
ЕРЕЖЕСІ

КАРАМОЛИНСКИЙ
УСТАВ

1885

ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ
КАРАМОЛИНСКИЙ УСТАВ

АЛМАТЫ
2025

УДК 80/81
ББК 81.2
К91

Қарамола ережесі /
Карамолинский устав –
Алматы, 2025. – 228 бет/стр.

ISBN 978-601-7910-85-3

1885 жылы Абай Құнанбайұлының тікелей қатысуымен қабылданған, қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінің бірегей ескерткіші саналатын Қарамола ережесі отаршыл орыс заңнамасының күшейген тұсында билер төрелігі мен әділ сот дәстүрін сақтай отырып, қазақ даласындағы қылмыстық және азаматтық істердің қарастырылуын бір жүйеге келтіру мақсатында әзірленген.

Басылымға құжаттың факсимилесі, транслитерациясы, қазіргі қазақ тіліне бейімделген нұсқасы, орыс тіліндегі аудармасы және Қарамола ережесінің тарихи контексті мен маңызын тереңнен зерделейтін тарихшы Радик Темірғалиевтің ғылыми түсініктемесі енді.

Книга посвящена Карамолинскому ереже — уникальному памятнику казахского обычного права, принятому в 1885 году при непосредственном участии Абая Кунанбаева. Этот свод норм регулировал уголовные и гражданские дела, сохраняя традиции казахского правосудия в условиях нарастающего влияния имперского законодательства.

В издание вошли факсимиле оригинального документа, транслитерация, адаптация на современный казахский язык, перевод на русский, а также комментарии историка Радика Темиргалиева, раскрывающие исторический контекст и значение этого юридического документа.



УДК 80/81
ББК 81.2




Бұл басылым 1886 жылы Қазан император университетінің баспаханасында жарық көрген. Кітаптың бір данасы Қазан федералды университеті кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған.

2019 жылы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының қызметкері осы дананы тауып, басылымның цифрлық көшірмесін елге алып келген. Бұған дейін Қазақстандағы мекемелердің қорларынан түпнұсқа табылмаған, тек қолдан көшірілген нұсқалары ғана белгілі болған.


Издание вышло в 1886 году в типографии Казанского императорского университета. Один экземпляр книги хранился в отделе редких книг и рукописей библиотеки Казанского федерального университета.

В 2019 году сотрудник Государственного историко-культурного и литературно-мемориального музея-заповедника Абая «Жидебай-Бөрілі» обнаружил указанный экземпляр и привез цифровую копию издания. До этого в учреждениях Казахстана оригинал не значился в фондах, отмечалось наличие лишь переписанных экземпляров.



*Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.*

Абай



*Убегающий видит путь,
Догоняющий вслед спешит.
Воля с разумом их ведут.
Справедливость – вот свет души.*

*Абай
(перевод В.С. Рождественского)*

Қармола ережесі

Кармолинский устав

*Редакциялық топ жетекшісі / Руководитель редакционной группы —
Ксения Семёнова*

*Шығарушы редактор / Выпускающий редактор —
Қаракөз Тұрғанова*

*Ереже мәтінін орыс тіліне аударған / Перевод текста Ереже на русский язык —
Мейрамгуль Қайрамбаева*

*Ереженің араб графикасынан кириллицаға транслитерациясы /
Транслитерация Ереже с арабской графики на кириллицу —
Әділбек Әміренов*

*Зерттеу мақаласы мен комментарийлердің авторы /
Автор исследовательской статьи и комментариев — Радик Темирғалиев*

*Р. Темірғалиевтің мақаласын қазақ тіліне аударған /
Перевод статьи Р. Темирғалиева на казахский язык —*

Еңлікгүл Ақдәулет

Корректор — Еңлікгүл Ақдәулет

*Дизайнын әзірлеп, беттеген / Дизайн и верстка —
Нұрым Әкімғожаев*



Басуға қол қойылды / Подписано в печать 21.11.2025

Пішімі / Формат 145x215 мм

Гарнитура: Times New Roman, Hagin Caps Medium

Офсеттік басылым / Печать офсетная

Таралымы / Тираж: 1 000 дана / экз.

Тауар белгісі / Товарный знак: «MELOMAN Publishing»

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз / С претензиями по качеству обращаться: «Меломан Home Video» ЖШС, ҚР, Өскемен қаласы, Железнодорожная көшесі, № 112 үй / ТОО «Меломан Home Video». РК, г. Усть-Каменогорск, ул. Железнодорожная, дом № 112, 8 (701) 531-24-44

E-mail: karakoz.turganova@meloman.kz

Тауар барлық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай /

Товар соответствует всем стандартам качества и безопасности.


Сертификация қарастырылмаған / Сертификация не предусмотрена.

Сақтау мерзімі шектелмеген / Срок годности не ограничен.

Өндіруші ел: Қазақстан / Страна-изготовитель: Казахстан.



MELOMAN[®]
Publishing



**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

Аңдатпа.....	10
Семей облысы бес дуанының барша халқының сайланған адамдарының 1885 жылында май айында Шар бойында Қарамола съезінде жасалған ережесі (қазіргі қазақ тіліне бейімделген нұсқасы, Әділбек Әміренов).....	14
Радик Темірғалиев. Абай және Қарамола ережесі (қазақ тіліне аударған – Еңлікгүл Ақдәулет).....	32
Примечание.....	76
Закон, составленный в мае месяце 1885 года лицами, избранными от населения пяти уездов Семипалатинской области (перевод на русский Мейрамгуль Кайрамбаевой, комментарии Радика Темиргалиева).....	79
Радик Темиргалиев. Абай и Карамолинское ереже	102
Семиполат облысының беш дуанының барча халқының сайланмыш адамларының 1885 йылында май айында Чар бойында Қарамола сиазында жасалмыш ережесі дүр (Ереженің араб графикасынан кириллицаға транслитерациясы, Әділбек Әміренов).....	145
Қарамола ережесінің түпнұсқасы / Подлинник Карамолинского устава	166



АНДАТПА

«Ереже» мәтіні төрт нұсқада беріліп отыр: араб жазуындағы түпнұсқа, араб жазуынан транслитерацияланған мәтін, қазіргі қазақ тіліне бейімделген нұсқасы және орыс тіліндегі аудармасы.

Мәтін алдымен араб жазуынан қазіргі жазуға транслитерация тәсілі арқылы жолма-жол көшірілді. Бұл мәтінді салыстырып дұрыс оқуға және тіл тарихын зерттеушілерге қажет. Араб, парсы тіліндегі сөздер және сол кезде қолданыста болған сот саласына қатысты ұғым, атаулардың түсініктемесі осы транслитерацияланған мәтінде берілген. Түркілік (қазақ, татар, араб, парсы тілдері аралас) қолданыстағы «Ереже» мәтіні қадим араб жазуымен (А. Байтұрсынұлы әліпбиіне дейін) жазылғандықтан, тыныс белгілері жоқ. Транслитерацияланған мәтін де тыныс белгілері қойылмай қотарылды. Алайда мәтінді дұрыс түсініп оқу үшін сөйлем соңына нүкте қойылды.

Түпнұсқалық мәтінде төмендегідей орфографиялық оққылықтар кездеседі.

Бір сөздің әртүрлі жазылуы. Мәселен, **дау (дағуа)** сөзін әртүрлі таңбалаған: Болысынай сиазда *дағуалар* (داغۇالار) үлкенлігіне қарай сомасына қарай бітіле дүр (1-бап). *Даулашқанлар* (داۋلاشقانلار) һәр екі тарафы сүйген билерін таңлаб аладылар (2-бап). Өгәрда *дағуаласқучылар* (داغۇالاسقوجيلار) третей бәтуасы брлән бітмаймін диселер (2-бап). Өгәрда *даүгер* (داۋكار) чакырылған күнде келмесе, сұралмыш *дағуасын* (داغۇا) бош қалдыра дүр (4-бап). *Дауласқучыларның* (داغۇالاسقوجيلار) куәһләрі бір болыслас болсадағы оларның куәһлігі сыйымлы, сыйымсызын би текшершін чакыра ма чакырмай ма (9-бап). Құн жесір *дағуалары* (20 داغۇالار) жылдан арғы салауат (26-бап). Өгәрда малын орынсыз чашды деген *дағуа* (داغۇه) сөз болса (51-бап).

Өскемен оязының атауы да екі түрлі жазылған: *Өскемен* (اوسكامين) ойазының болыш харунже (74-бап). Сиез башлығы *Өсткәмен* (اوستكامين) ойазы Майуский қолын қойды (74-бап).

74-баптағы Ибраһим (Абай) Құнанбайұлының есім сойын *Құнбай* (قنباي) деп жазған.

Араб тілінен енген «мүбәда» — әлдебір, кейбір белгісіздік есімдігі бірде түркілік сөзбен: *Мүбәда* (مباده) боларының арасында талаш болса (2-бап), кейде араб сөзімен: *Мүбүдә* (مُبْدَه) келмегенлігі сыйымсыз болса (3-бап) жазылған.

Кейбір сөздер түсініксіз жазылғандықтан, контекст арқылы ажыратылды: ұрыдан алынып ұрының бұлұтларына (بولوطلارينه) беріледі (37-бап). Қайын атасы бірлән келіп кеңчылық (کنکچیلوق) (кеңшілік) сұрауға тишлі (44-бап). Құдалық уағдасы бергіледі (بيركولادی) (бекітіледі), құда түсіп құйрық-бауыр жеген күннен кейін (50-бап). Қыз күйеуге тигеч (تيگچ) (тисе) үлкен атасының бауырларына йағни қалған малны сақалаб тұрғучыға төркінлеб барыб әкесінің қалған малынан лайықлы есе алады (51-бап). Ұғры үчін — кәфилде тұрған адамларға биләт (بيلات) (билік) берілмесін (61-бап). Сиаз билерінің көрсетілміш көфие кәуләнұрған (كسولانورعان) (қуаландырылған) кні-гәнің үлгісін бек ұнатамыз (64-бап).

Жергілікті сөз қолданыстары кездеседі. Шығыс аймақтағы (Көкпекті, Күршім) қазақтар қолданатын «набақты» (абакты) сөзі жаза тағайындау баптарында жазылған:

Бір айға чаклы набақтыға (نباقتی) (абактыға) отырғызылады (32-бап).

Йаки каталашка, набақты бірлән жазаланадыра дүр (33-бап).

Йеті күн набақты отырғызыб жазаландыра дүр (34-бап).

Жеті күннен бір айға чаклы набақтыға бұйырла дүр (36-бап).

Ұрыларға жаза беріледүр бір айға чаклы набақта (38-бап).

Бірақ дүре набақты шерік болған ауқатлы кішілерге бұйыруға көбінесе тиішлі дүр (40-бап).

Хизматда кей адамларның үстінен жала қылғанлар билернің билігі бойынча йгрма сегіз күнге чаклы набақтыға грифтар болады (54-бап).

Уа һәм билерге міндетлі билік айтқан уақытта ұрыға жағат қылған бай адамларға дүре бірлән набақты бұйырмаққа (61-бап).

Кескен адамның малы жоқ болса ғайыб орнына набақты бұйырыладүр (63-бап).

Орыс тіліндегі сөздер дыбыс жүйелі емлемен әртүрлі жазылған. Сөз құрамындағы [з] дыбысы көбіне араб әліпбиіндегі «зәл» — ز әрпімен дыбысталса (жеризуҗайнай), енді бірде эмфатикалық жуан оқылатын «зад» — ض әрпімен дыбысталған (жеризуҗайнай).

Черизуҗайнай (жеризуҗайнай) сиазларда... (1-бап).

Үшбу рет бойынча оязны черизуҗайнай сиазларда... (2-бап).

Разы болмаған черизуҗайнай сиазге билігін сынаата дүр. Һәр черизуҗайнай сиазның билігі һәр уақытта бұзылмай дүр (3-бап).

Би чығаруға мүмкін емес черизуҗайнай сиазның би хисабы ұлық ихтиарында бола дүр һәм би чығаруға мүмкін емес (6-бап).

Әгерда біреу болысның тілін алмаған болса оязның ихтиары бойынча бір болыс елінің сиязына йаки оязның черизуйчайнай сиязның текшеруіне береді (34-бап).


...йаки черизуйчайнай сиязның билеріне текшермекке берілсе екен (54-бап).

Йалғыз бинің болыснай һәм черизуйчайнай сияз билерінің көрсетілmiş көфие ксулләнурған кнігәнің үлгісін бек ұнатамыз (64-бап).

...черизуичайнайның (چریضوچینای) билігін бір айға чейін (72-бап).

Араб жазуынан орыс алфавитімен транслитерацияланған мәтінді қазіргі қазақ әдеби тіліне икемдегенде, жоғарыдағы қате жазылған жерлерді түзеп, қазақ тілінің лексика-грамматикалық заңдылықтарына сай көшірілді.

Араб қадим жазуынан транслитерациялап, қазіргі қазақ тіліне көшірген, мәтіндегі араб-парсы сөздеріне, сөзлингвистикалық аталымдарға түсінік берген филология ғылымдарының кандидаты, Марғұлан университетінің қауымдастырылған профессоры Әміренов Әділбек Дәуітбекұлы



**СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ БЕС
ДУАНЫНЫҢ БАРША
ХАЛҚЫНЫҢ САЙЛАНҒАН
АДАМДАРЫНЫҢ
1885 ЖЫЛЫНДА МАЙ
АЙЫНДА ШАР БОЙЫНДА
ҚАРАМОЛА СЪЕЗІНДЕ
ЖАСАЛҒАН ЕРЕЖЕСІ**

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НҰСҚАСЫ

1-БАП

Болыстық съезде даулар үлкендігіне қарай, сомасына қарай бітіледі. Төтенше съездерде ұлықтардың әмірі бойынша бір ояз бір оязбен кезектесіп бітіледі, әр ояздың барша билерімен емес.

2-БАП

Дауласқан әр екі тарап сүйген билерін таңдап алады. Бірақ би есебін ереже бойынша ұлықтар шығарады. Әр тараптан үш биден артық болмаса екен деп сұраймыз. Би шығармас бұрын үштік бимен жарасады.

Егер даугерлер үштік би бітімімен бітпеймін десе және бітім болмаса, онда жоғарыда айтылған бойынша билер таңдап шығарады.

Екі жағының билері таласып, жұп болса, төменде айтылған рет бойынша бітіреді. Әр ояздың халқы орталарынан бір төбе басы би шығарады. Бұған қызметтегі хәм қызметсіз де құрметті кісілер сайлануға мүмкін. Егер билердің бітімі талас болса, сайланғандар тиісті ояз халқынан екі төбе басын шығартып алады. Егер бұлардың арасында талас болса, қалған ояздардың төбе басына жеребе салынып, шыққан кісі бітімдеріне араласып, сол кісінің ауған жағының бітімі орнығып, мақұл болады. Осы рет бойынша ояздық төтенше съездерде екі жағы тең талас болса, төбе басы би бір жағына ауып тоқтатады.

3-БАП

Жауапкердің шақыруы бойынша келмегендіктерін старшын мен болыстар куәландырып, келмегендігінің дұрыс немесе дұрыс емесін билер тексереді. Егерде келмеген себебі тексеру бойынша сыйымды болса, билік айтылмайды, кейінгіге қалса керек. Әлдебір келмегендігі сыйымсыз болса, сыртынан билік айтылады. Бір бидің яки съездегі билердің сыртынан қылған биліктері анық болмайды. Билік көшірмесі старшындар яки болыс арқылы мақұлданады. Егерде жауапкер разы болса, билік анық болып, бұзылмайды. Егерде разы болмаса, екі жұма арасында алғаш билік айтқан биге қайтадан арыз қылады. Сонда би жауапкердің құзырына қайтадан билік айтады. Егер жауапкер тексерілу бойынша ақталса немесе болыстық съезге тыңдатса, съезд билерінің билігін ұнатса, сонда айыпты жағының шығынын қайтаруға міндетті қылып хәм жаза бұйырылады. Жалған айтқаны үшін жоғарыда айтылған рет бойынша болыстық съезд сырттан билік құрады. Разы болмаған төтенше съезге билігін сынаатады. Әр төтенше съездің билігі әр уақытта бұзылмайды.

4-БАП

Егер даугер шақырылған уақытында келмесе, сұралған дауын бос қалдырады. Сонда жауапкер арыз етсе, билердің қалауы бойынша жауапкердің шығынын даугерден бұйырып береді. Бірақ даугер дауын қайтадан сұрауға ерікті. Сол дауы билердің тексеруі бойынша жалған шықса, даудың сомасына қарай һәм жауапкердің ренішіне қарай шығынын тартады.

5-БАП

Бір старшын елдің ішінде даугер, жауапкерлердің барша жанжал, сұрау дауларын сол старшын елінің биі бітіруге міндетті. Бірақ би өзін мынандай жағдайда билік айтудан босатады: егер дауласқан жағынан бірі туысқан жақыны болса, қайсыбірі ата-анасы, бірге туған аға-інісі, әкесінің бірге туған аға-інісі, жиені, немере баласы және туған құдасы және дұшпан, өштес адамдары, қайсыбірінің дұшпандықтары бұрын биге түсісіп, мойнына жаза салынып, анықталған болса, сыйымды болады.

6-БАП

Әр старшын, болыс, ояз араларында болатын барша дауларды даугер болысқа айтуға тиісті. Сонда болыс даугер, жауапкерді алдына шақырып, жауапкерге ереже бойынша бір болыс елден разы болмаған екі биін шақыруға ерік береді. Онан қалған билерден даугер біреуін таңдап, билікке түсіп, сол би билік айтады. Болыстық съезде билердің барлығы түгел болып билік айтады. Билік шығаруға мүмкін емес болған жағдайда, төтенше съездің би ыңғайы ұлық ықтиярында болады және билік шығарылмайды.

7-БАП

Береке бітім және салауат бітім қылуға мүмкін, салауат даудың уақытына қарай болады. Береке бітім және салауат съездерде жасалғандай болса, келесі уақытта қайтадан сөз қозғау мүмкін емес. Бүкіл даугер мен жауапкер бөтен ояздікі болса, екеуінің арасында елге барып бітпекке уәде қылуға болады. Бірақ бұл уәдені қызмет иелері куәландыруы керек.

8-БАП

Бидің биліктерін орнына келтіруге болыстар міндетті болған себептен, съезд біткен соң биліктің көшірмелерін тиісті болысқа

мәлімдейді. Егерде даугер жауапкерлердің ықтияры бойынша екі ел арасында кесім малдарын реттеуге уәде қылса, сол уәде съезд басшысымен бірге шешіледі.

9-БАП

Бір би және съезд биі биліктерін айғақ куәлігіне қарай бітіреді. Егер билер айғақ куәлігін мақұлдамаса, онда оларды шақырмай-ақ істерді күмәнға салады. Яғни би куәні шақырып, тиісті жауабын алса, онда дауды күмәнға салу мүмкін емес. Куәларды шақырудан бұрын куәлігін анықтау керек. Ақылынан адасқан, 18 жасқа толмағандар, әр жастағы әйелдер, жақын-туғандар, құдалар һәм өшпес дұшпан кісілер куә болуға жарамайды. Билер шақыртпай тұрып куәлардың орынды-орынсызын анықтау керек. Дұшпандық тұрғыдан бос айтылған сөз қабылданбасын, жұртқа белгілі дұшпандық мақұл көрінуі мүмкін. Онан артық айыруға болмайды. Дауласушылардың куәлары бір болыс болса, олардың куәлігінің орынды-орынсызын би тексереді.

10-БАП

Егерде көрсеткен куә кісіні толымды көрмесе, сонда куәға айғақ орнына көруге мүмкін. Егер жауапкер адам айғақтың сөзін қабыл көрмесе, айғақ сөзінің растығына дау сомасына қарай ел ара түсіп, бір кісі жан берсе керек. Қазақша айғақ тазасы деген дау аяғы күмәнмен тоқталады. Күмән өтпесе, жауапкер күйеді, күмән өтсе, ағарады. Жауапкер адам айғақ өтірік айтқаны үшін үстінен арыз беруіне болады.

11-БАП

Қазақ рәсімінде сүйінші алуға болады, бірақ сүйінші алған кісі куәлікке жарамайды, айғақ болуы мүмкін.

12-БАП

Күмәнші растығын тексеруге және күмәншінің өтетін жерінің алыс-жуықтығына қарай күмәннің құнын билер кеседі.

13-БАП

Күмәншінің есебі — ер құнына төрт кісі, әйел құнына екі кісі, өзге даулардың барлығына бір кісі, күмәнға дау сомасына қарай елу салынады. Бір түйеге екі елу басыдан, бір қараның дауына бір елу

басыдан күмән ұсталады. Қанша қара болса, сонша елу басынан ұсталады. Дау сомасы қанша көп болса да, бір болыс елден күмән аспас күмәншіні даугер таңдайды. Күмәнға салатын бір елубасы яки бір болыс елін жауапкер көрсетеді.

14-БАП

Күмән жауапкердің, елінің, болыстық молданың алдында Құранмен ант береді.

15-БАП

Күмәнға төрт кісі ұсталса, бір кісі өтпесе, даудан төрт бөлігінің бір бөлігі тиеді, екеуі өтпесе, жартысы тиеді. Өтпегені осы тәсілде болып есептеледі.

16-БАП

Күмән өтілген уақытта даугердің болуы міндетті емес. Бірақ молда даугердің келмегендігін кітапқа жазып қойса керек.

17-БАП

Күмәннің уақыты сол күннің күн батуына дейін.

18-БАП

Молда, ел билеушілер, билер, қажылар, 18 жасқа жетпегендер, алпыс үштен асқандар күмәнға ұсталмайды. Төре қазақ үшін және қазақ төре үшін күмәнға жарамайды.

19-БАП

Күмәнға өз елінде қайда жазылған ұстата ма, болмаса өзге рулас елін ұстата ма — жауапкердің ықтиярында.

20-БАП

Егер дұшпандығы халыққа мағлұм болып, бимен бірге күтілген болса, күмәншіні күмәннан шығаруға болады.

21-БАП

Әр күмән болыстық молданың құзырында өту керек. Молданың каталдығы, зұлымдығы болса, жұрт тексереді.

22-БАП

Жалған күмән еткен кісіге түйе бастатқан бір тоғыз айып салынады.

23-БАП

Күмән өтпесе, қанша нәрсе, қанша мал бұйырады, күмәнға кім ұсталған — барлығын толық қылып, билігінде анық қылып жазуға би міндетті.

24-БАП

Күмәннің құнын ұзартуға орынды себеп болса, болыс яки өз елінің бір биінің куәландыруы мүмкін.

25-БАП

Күмәнші, жан беруші, төреші болып даугердің ықтияры бойынша билік айтады. Мұның билігін жауапкер бұза алмайды. Бұл билік көшірменің сыртына жазылады.

26-БАП

Құн, жесір даулары жиырма жылдан арғылары салауат. Өзге даулар он жылдан арғылары салауат. Билік айтқан күнге дейінгі төрт жылға созылған даулардың анықталған малдардың толық басы шығынымен қайтады. Одан арғы үш жылғы даулардың анықталған үш бөлігінің екі бөлігі тиеді. Қалған үш жылдағы даулардың анықталған малдарының үш бөлігінің бір бөлігі тиеді. Жетпіс бесінші жылдағы және одан арғы болған даулардың барлығы салауат. Құнның малы да осы сияқты болып алынады. Жиырма жылдың құн малы үшке бөлінеді — бір бөлігі билік айтқан күнге жуық жеті жылдағы дауға бөлінеді, екінші бөлігі — одан арғы жеті жылдағы дауға, үшінші бөлігі — қалған алты жыл.

27-БАП

Ойланып жүріп өлтірілген ердің құны жүз түйе болады. Мұның 25-і тайлақ, 25-і құнан атан, 25-і дөнен атан, 25-і бесті атан. Және ойланбай басқа себеппен өлтірілсе, оған 50 түйе құн. Мұның 25-і құнан, 25-і бесті атан.

Әйелдің құны — ер құнының жартысы. Қателікпен оқыстан өлтірілген кісіге құн жоқ. Және ері әйелін өлтірсе, оған құн жоқ.

28-БАП

Барымташыға һәм ұрыға, өлсе, күн жоқ.

29-БАП

Адам мүшесі мертіксе, үкімі шарифат бойынша айтылады. Шарифат айыруының қателігі болмасын деп сұраймыз. Бұл сөзді айырмаққа Семейдегі Ахмед Уали Мұнасифұлына һәм Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббасұлына тапсырылса екен. Олардың айырып берген шарифаты осы ережеге тіркеліп жазылса екен.

30-БАП

Балиғатқа толмаған қызды зорласа, айыпқа лайықты қалың малының үш бөлігінің бір бөлігін береді. Балиғатқа толған қызды зорласа, ат шапаннан түйе бастатқан тоғызға дейін айып береді. Күйеудегі әйелді зорлағанға бір тоғыздан үш тоғызға дейін. Ойнас қылған еркек, әйелге екеуіне де дүре соғылсын, айып жоқ. Мұндай істер тексеріледі — егер әйелдің күйеуі немесе әйелдің өзі, яки туысқаны, яки әке-шешесі арызданса, осы баптың басында жазылған екі дауды съезд билері бітіреді.

31-БАП

Күйеуі бар әйелді біреу алып қашса яки өзі қашса, ойнасымен бірге ондай әйел өз елінің съезд билеріне тура қайтарылады. Билер әйел мен күйеуін жарастырады. Егер күйеуі әйелдің өзін алса, алып қашушы жігіттен бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып салынады. Егер күйеуі әйелін алмаймын десе, әйел ойнасында қалады. Бірақ алып қашушы әйелдің күйеуі төлеген толық қалың малын қайтарып береді. Әйел қалың малдан, жасаудан құр қалады. Егерде біреу біреудің айттырған жесірін алып қашса, алып қашушы қыз әкесіне елу жыртқыс сүт ақысымен толық қалың малын береді. Егерде әкесі жасау беруге ықтияр болмаса, қыз жасаусыз қалады, және қыз әкесі бұрынғы күйеуінен алған қалың малын қайтарып, үстіне бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді.

32-БАП

Егерде біреу әке-шешесін қорласа, әке-шешесінің ықтияры бойынша қазақ ғұрпына қарай жаза берілсін, егер молданы яки құрметті кісілерді қорласа, ат-шапаннан атан бастатқан тоғызға шейін айып береді. Тағы біреу біреуді қол жұмсап қорласа, бір тоғыздан

үш тоғызға дейін айып береді. Егер айып алушы кесілген айыпты алмаймын десе, бір айға абақтыға отырғызады.

33-БАП

Ұрыс, төбелес шығарғандар билердің билігі бойынша ат-шапаннан үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына айып төлейді. Бірақ ұрыс, төбелестің басшысы өзге жолдастарынан гөрі айыпты артығырақ төлейді. Бұзықтық шығарған адамдар болыстың приговору мен яки ереже бойынша билердің билігінше ақшамен яки каталашкамен, абақтымен жазаланады.

34-БАП

Қызмет уақытында старшындардың тілін алмаса, билердің үкімі бойынша бес теңге айып яки жеті күн абақтыға отырғызып жазаланады. Егер болыс старшындарының ықтиярынсыз жалдаған шабарманның тілін алмаса, тіл алмағанның жазасы болыстың өз үкімінде болады. Егерде біреу болыстың тілін алмаған болса, ояздың ықтияры бойынша бір болыс елдің съезіне яки ояздың төтенше съезінің тексеруіне береді. Үкім айтқан уақытта бір биге яки съезд билеріне дәрекілік еткенге алдында айтылғандай съезд биі арқылы жаза беріледі.

35-БАП

Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран және суықта сол сияқты түрлі себептерде болысып, көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады.

36-БАП

Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған үкімдер бойынша қолдау жасамағандарға болыстың үкімі бойынша 3 теңге айып жаза болады. Көрші елінде мал өлімі болған уақытта қолдамағандарға жаза көбейеді, жеті күннен бір айға дейін абақты бұйырылады. Арық бұзғандарға, көпір, құдық бұзғандарға, өзге біреудің өз еңбегімен жасаған үйлерін бұзғандарға шығыннан басқа айып бұйырылады: ат-шапан яки ақша бойынша 15 теңге.

37-БАП

Қазақ арасындағы ұрлық үшін ұрлаған малын мойнына қосақ, артына тіркеу, қанды ат билік атымен қайтарып, айып береді. Мойнына қосақ, артына тіркеу мал бағасымен бірдей болады. Жүйрік,

жорғаныкі орта атпен бірдей болады. Мал иесіне тиісті және ұрының астындағы қанды аты әр ұрыдан алынып беріледі, билік ат ұры басы сайын алынып, билік айтқан билерге беріледі.

38-БАП

Мал төленгеннен басқа ұрыларға бір айға дейін абақты, алпыс шыбыққа дейін дүре жаза бұйырылады. Билер бұл жазаны үкім айтқанда бұйыруға міндетті. Немере немесе жиен нағашысынан, ата, ағасынан мал алып қашса, оған жаза жоқ. Және алып қашқан малы қайтарылмайды. Екінші мәрте алып қашса, би арқылы нағашысы, ата, ағасының сұрауы бойынша жаза беріледі. Бұл үкім әйел жағынан жиенге немесе немереге тиісті.

39-БАП

Жылқы құйрығын кескендер бір ат шапаннан бір түйеге дейін айыпталады.

40-БАП

Ұрлыққа қолдау көрсеткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады. Бірақ дүре, абақты көбінесе серік болған ауқатты кісілерге бұйыруға тиісті.

41-БАП

Жиырма жылқыдан артық барымта қылған кісілерден ұры басы бір қанды ат, бір билік аттан және барлығынан үш тоғыз айып алынады. Жиырма жылқыдан кем болса, жоғарыда 37-бапта айтылған жылқы басына бөлек салынады.

42-БАП

Қазақ рәсімі бойынша күйеуі белсіз болса немесе астының жазылмас ауруы болса, күйеуден әйелді айыруға болады. Мұндай науқастары болмаса, күйеуінің ықтияры бойынша шығады. Күйеу қыздан жиырма бес жас үлкен болса немесе бір мүшесі кем болса, яғни қыз күйеуден тоғыз жас үлкен болса, күйеу кедей болып қалыңға мал бере алмаса яки төзе алмастай ауру болса, тағы да сенімсіз жамандығы халыққа әшкере болып, өз басынан ықтияры кеткен болса, қалыңдық пен күйеуін айыруға мүмкін болады. Қазақ рәсімінше ерін әйелінен және қалыңдықты күйеуден айыруға басқа себеп жоқ.

43-БАП

Барлық жесір турасындағы даулар некелілердің арасында күйеуінің елінде бітіседі. Некесі қиылмағандардың арасындағы қыздың елінде бітіседі. Осы жоғары екі себепте съезд билері бітім айтады. Қазақ рәсімі бойынша анық неке молда алдында қиылғаны дұрыс болады. Волостной управительдің қолындағы кітаптан кесіліп берілген квитанция әйелі күйеуіне тиісті екендігіне куәлікке жарамайды.

44-БАП

Егер күйеуі қалың малын төлеп бітірмей тұрып қалыңдығын алып қашса, қалған малын беріп және қайын атасына келіп кеңшілік сұрауға тиісті. Егер күйеуі қалың малын төлеп бітіргеннен кейін қалыңдығын алып қашса, және әке-шешесі қызын себепсіз бермей көп ұстап тұрған болса, алып қашқан күйеу айыпсыз болады, және жасау сұрауға рұқсат етіледі. Егер қыздың әке-шешесі той жабдығымен ұзатуын лайықты жақсы қылып жөнелтемін деп кешіктірген себебі болса, қайын атасын ұятты қылған себепті, күйеу айыпты болады. Әрдайым мұндай жесір даулары арыз бойынша зиян көрген жағынан түседі.

45-БАП

Ұзатқан қыз барған жерінде бала таппай өлсе, төркініне мінген ат, ер-тұрманы, артқан бір түйе сәукелесімен қайтарады.

46-БАП

Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, қыз әкесі алған қалың малын күйеуіне қайтарып береді.

47-БАП

Күйеуі өлген жесір әйел қаласа, күйеуінің бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егерде қаламаса, ықтияры өзінде.

48-БАП

Егерде біреу құдалықты бұзса, қыз әкесі болса, күйеуден алған қалың малын қайтарып береді және дауласқан қалың малының ғұрпына қарай айып береді. Батасы қырық жеті байтал яки артық болса, бас тоғыздан үш тоғыз айып береді. Отыз жеті болса — екі тоғыз, жиырма жеті болса — бір аяқ тоғыз береді. Он жеті болса — бір ат, бір шапан береді. Егерде күйеуінің әкесі яки өзі құдалықты бұзса,

берген қалың малынан үш тоғызды қалдырып, қалған малын алады. Егерде қалың малы қырық жеті болса, отыз жеті болса — екі тоғыз, жиырма жеті болса — бір тоғыз, он жеті болса — ат, шапан.

49-БАП

Қарсы құда турасындағы барлық дауларды билер бітіру керек. Сонымен қатар алдағы уақытта қарсы құда болмасын. Яғни егер бұл ереже жарияланғаннан кейін құда болса, молда некесін қимасын.

50-БАП

Құда түсіп, құйрық-бауыр жеген күннен кейін құдалық уағдасы бекітіледі.

51-БАП

Егер күйеуі өлген әйел, баласы жоқ болса да, бар болса да, күйеуге тимей отырса, күйеуінен қалған барша малға ие болып, билеп тұрады. Егерде күйеуі өлген әйел күйеуге тиемін, шығамын десе, киген киім, төсек-орнынан басқа барлық күйеуінен қалған малынан, баласы болса, сегізден бірін, баласыз болса, алтыдан бірін алады. Қалған еркек балалары, қалған барша малымен әкесінің бауырларына беріледі. Олар өз арасынан біреуіне ие қылып баланы малымен сақтатады. Сол ие болған кісі қағазбен есеп беруге міндетті емес. Егерде малын орынсыз шашты деген дау сөз болса, сонда би арқылы барша туғандарының көрсетуі бойынша тексеріледі.

Қыз бала қалса, әр уақытта анасына тиісті, анасы күйеуге беріп, қалың малын өзі алады. Қыз күйеуге тисе, үлкен атасының бауырларына, яғни қалған малды сақтап тұрушыға төркіндеп барып, әкесінің қалған малынан лайықты есе алады. Егерде әйел күйеуге тимей, өлген күйеуінің малына ие болып, бұзық тұрса яки малын шашса, өлген күйеуінің туысқанының біреуі ие болып сыртынан қарап тұрады. Ол ие болған кісі әйелді не қалған малды ауылына яки үйіне кіргізіп алмайды. Алайда сол әйелдің ауылында шаруасын түзеп, басқарып тұрады. Тұл әйел күйеуге тисе, екінші қалың мал алынбайды. Егерде біреудің жесір қалған үш қатыны болса, сонда сегізден бірін бәріне бірдей бөліп береді. Егер үш әйелдің бірі күйеуге тиемін десе, төсек-орын, киген киімінен басқа жиырма төрттен бірін алады. Егерде екі жесір әйелдің бірі болса, он алтыдан бірін алады.

52-БАП

Сойыс, қонақасы қазақ рәсімінде бар. Бермеген кісі бір ат, шапаннан бір түйеге дейін айыпты болады. Алайда бұлардың ішінен: үлкен, даңғыл жол үстінде, жәрмеңке қасында, қайық аузында және съезд мекенінде, қала қасында тұрушылардан шығарылады.

53-БАП

Екі тамыр айырылысса, билердің тексеруі бойынша артығын алысар. Бір-бірінен айып жоқ.

54-БАП

Қызметтегі адамдардың үстінен жала қылғандар билердің билігі бойынша жиырма сегіз күнге дейін абақтыға жабылып, тұтқындалады. Жауапкердің шығыны шықса, анығын қайтарып береді. Мұндай жалаларды тоқтатуға бір себеп көрсетеміз. Бұндай жалған арыздар әсіресе сайлау уақытында көп болады. Бұл хақында ұлықтардан сұраймыз, мұндай арыз туралы істейтін анықтаманы жасатқанша, болыстың немесе төтенше съездің билеріне тексеруге берілсе екен.

55-БАП

Біреудің жерін жеген дауларды билер жері пәленшенікі деген елубасылардың куәлігіне қарай тексереді. Тексерген уақытта жерді билер өздері көреді немесе сенімді кісінің куәлігі бойынша жеген жерінің сомасына қарай билік айтады. Шығынын қайтарып және үстіне айып салады.

56-БАП

Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса, ауыл күймейді, сенбесе ат иесі ауылдан шарифат алады.

57-БАП

Тоғыз деген айыптың малға шаққан саны мынау:

Басы — тоғыз түйе бастатқан:

1-ші — бір түйе, екі құлын, екі бие, екі құнан, екі тай;

2-ші — орта тоғыз, яғни ат бастатқан тоғыз: бір жуан ат, екі тай, екі тайынша, төрт бойдақ қой;

3-ші — аяқ тоғыз: бір дөнен өгіз, екі тайынша, үш бойдақ қой, үш тоқты.

Тоқал тоғыз болмайды.

58-БАП

Мал басын былай бағалаймыз:

Маңдай түйе — үш ат және отыз қой;

Орта түйе — үш бесті;

Дөнен атан — екі бесті, бір тай;

Құнан атан — екі бесті;

Тайлақ — құлынды бие, он екі қойлық;

Бота — бір бесті;

Бәйге ат — орта бір түйеден бес түйеге дейін;

Жорға ат — құлынды биеден төрт түйеге дейін;

Жақсы ат — құлынды биеден бір түйеге дейін;

Айғыр — құлынды биеден екі бестіге дейін;

Құлынды бие — он қой, құлынсызы — он тоқты;

Ат — тоғыз қой;

Бесті — жетіден сегіз қойға дейін;

Дөнен — бес қойдан алты қойға дейін;

Құнан — төрт қойдан бес қойға дейін;

Тай — үш қойдан төрт қойға дейін;

Құлын — екі қойға дейін;

Атан өгіз — он екі қой;

Бесті һәм дөнен өгіз — төрт қойдан сегіз қойға дейін;

Тайынша — екі қой.

59-БАП

Үй, кілет бұзып, қастық ниетімен істесе, ұрлаған нәрсесінен басқа бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді. Қора, кілет бұзбаған ұрлыққа ат-шапан айып береді. Ол азы, онан үлкен айып ұрлаған сомасына қарай.

60-БАП

Билердің билігі бойынша кесілген қалып-қалпынша алып беріледі. Егерде жауапкер ықтиярымен бұйырылған малды бермесе яки шақыруына келмесе, сонда мал алып беруші ауылдастарынан куә алдырып, сол куәлардан мал алушы бір қалыс кісіні таңдап алып, осы жоғарыда айтылған баға бойынша алып беретін малды бағалайды. Егерде мал беруші кісі бермеймін деп қарсылық қылса, байлап қойып алып беруге де болады. Билік бойынша мал алып беруге ешбір қазақ рәсімінше үлгі жоқ.

61-БАП

Ұрлық үшін кесілген мал ұрының өзінен және оған серік болған жолдасынан алынып беріледі. Ұрының серік жолдасы болатындар — ат беріп аттандырған, бірге ұрлыққа барып ілескен, ұрлаған жылқыны жасырысқан, істеген ұрлықты біле тұрып жасырғандар. Бұл кісілердің малы жоқ болса, мал төлеуіне міндетті. Ұрланған атты біле тұрып сатып алғандар, егерде сатып алушылар ұрымен бір болыста болса, одан сол мал алынып беріледі. Сол ұрлықты қылған уақытта тұрған ауыл иесінің оның да малы жоқ болса, мал алушы даугер бөтен ояздікі болса, онда қызметте тұрушы адамдар және жұрты төлейді, старшын елі күйеді. Мал алушы бөтен болыстікі болып, бір дуандас болса, елубасы, халқы күйеді. Даугер бір болыстікі болып, өзге старшындікі болса да, мал алушы мен мал беруші бір старшындікі болса, он басы халқы күйеді. Бұл қылған шешімімізді ұрлықты тыймақ үшін және мал иесінің малы түгел тиіп, ризалыққа жетпек үшін жасадық. Яғни шығын орнына кесілген айыптарды алмақ хақында, яғни ұрлық тыйылғанша тағы да үш жылға дейін уақыт қойып шешімімізді жасадық. Қызметтегі адамдарды мал төлеуден шығармаған себебіміз, сол халықтың ішіндегі жамағат адамы болған хақында халықтың мал төлейтін реті болады. Жоғарғы айтылған адамдардың малы жоқ болған уақытта, егер билер малы жоқтығына көздері жетіп айырған болса, жұртқа түсетін мұның хақындағы малды билер тексеріп біледі.

Мұнан басқа елдегі барша ұрыларды және сенімсіз адамдарды түгендеп, сенімді адамдарға кепілге беруге шешім қыламыз. Кейбіреулерге кепілге алмаймын деуі мүмкін емес. Кепілге беруге тиісті басшы кісілерге, ауыл ақсақалдарына және оның ішінен қызмет иелеріне шығармаймыз. Сол кепіл кісілер ауыл иелерімен жұртқа тартқызбай тұрып, әуелі өздері күйсе керек.

Ұры үшін кепілдікке тұрған адамдарға билік берілмесін. Мал алушыға ұрының қыстауындағы артық жері төлеуге алып беріледі. Және де билерге міндетті билік айтқан уақытта ұрыға қолдау жасаған бай адамдарға дүре мен абақты бұйырылады. Үш мәртебе ұрлығы мойнына қойылып, тыйылмағандарды жұрт үкім жасап, өз арасынан мүлде айдау керек. Егер үкім бермеймін деген адам болса, сол ұры үшін міндетті ұрлыққа түскен барлық малды тарту керек.

62-БАП

Сотта жесір турасынан және басқа даулар бойынша жоғарғы айтылған сияқты мал алып беруге болмайды. Әркім өзі үшін өзі күйеді, малы жоқ деген сөз алынбасын. Бірақ өлтірісіп серік болғандар құн турасындағы дауларда мал тартады.

63-БАП

Қазынаға және даугер адамға кесілген айып өзге кісіден өндіріліп алынбайды. Кескен адамның малы жоқ болса, айып орнына абақты бұйырылады.

64-БАП

Жалғыз бидің болыстық және төтенше съезд билерінің көрсетілген көшірме куәландырылған кітаптың үлгісін құптаймыз.

65-БАП

Күмәннің өтуі болыстық молданың тексеруінде. Молданың залымдығы халықтың тексеруіне тиісті. Күмәншінің уақытты күнінде күмән еткендігін жазуға бізге көрсетілген кітаптың үлгісін құптаймыз. Сол кітапты молда алып жүрмей, үйінде сақтау керек. Қалай даугер көшірмені алғаннан соң, молдаға барып, кітабына тіркету керек. Егер даугер бұлай етпесе, алдағы уақытта күмән өтпейді деп арыз айтуға тиісті емес. Күмәнші, уақытты күнде молда үйінде бар болса да, жоқ болса да, келгенін мәлім етіп, кітапқа жаздыру керек. Яғни молда күмәннің айтылған уақытты күнінде мүмкіндігінше үйінде отыру керек. Молда күмәннің өткендігін яки өтпегендігін көшірменің сыртына жазумен куәландырып тұрсын. Осы баптағы айтылғандарды толық істемеу үшін билер билігінде күмәншінің атын, жөнін және уақытты күнін анықтап жазуға міндетті.

66-БАП

Мүмкін болса, метрикалық кітаптар болыстық молданың қолында тұру керек. Бірақ кітаптың жазылуы көрсетілген үлгімен мұсылманша жазылса екен. Егерде ұлықтар бұрынғыдай метрикалық кітапты тілмашқа жаздыруға тиісті көрсе, онда қиылған некені кесілген кітаптан қвитанцияның сыртына жазып куәландырмаққа болыстық молданы біз міндетті қыламыз. Яки жалғыз тілмаштың кітапқа тіркегені неке болмайды. Әйел мен еркек арасында неке молдамен қиылса, анық, сенімді болады.

67-БАП

Егерде бір үлгілі кітаптар берілсе, сонда жалған көшірме беруге келмейді. Осыдан бұрын берілген көшірмелер, бидің мөрі немесе қолы қойылса, сенімді болады. Екі бидің мөрі басылған көшірмелерде болыс немесе съезд бастығының жазылған куәлігі болмаса, съезд биінің көшірмесі деп сенуге мүмкін емес.

68-БАП

Егер даугер биге тура арыз айтса, би жауапкерді шақыртып, керек қылса, онда ауылнай, старшын айтылған жауапкерді жеткізіп берсін. Күмән өтпесе де, билігінде және көшірмесінде кесілген малдарды анықтап жазуға міндетті.

69-БАП

Ұрлық хақында кесілген билік, аттан басқа өзге даулардан қылған билік үшін оннан бірін алады. Билер өздеріне тиіс кесілген билік ақысын өз қалауларымен алса, зорлық үкімінде болады. Билік қылған жерінде ақысы алып берілсін. Әр съезде билер билік ақысын жинайтын бір қалыс кісіні сайлайды. Сол сайланған адам болыс, старшын арқылы билік ақысын жиып алып, би басына бірдей бөліп береді.

70-БАП

Съезге шақырылған барлық қызметкерлердің ұстаған шығындары жұрт үстінен салынады. Сол шығындарды ел арасында старшын болады. Кімде-кім тиісті түскен шығынын бермесе, билердің тексеруіне беріледі.

71-БАП

Қазақтың өз арасында болған дауларға орыстан немесе ноғайдан уәкілдік алып кіріспесін. Өзімен ояздас қазақ адам дәберной бола алады.

72-БАП

Билердің билік бітімін орнына келтірмек уәде күні көшірмені болысқа немесе старшынға мағлұм еткен күннен есептеледі — жалғыз бидің билігін орнына келтірмекке старшын міндетті, съезд билерінікіне болыс міндетті: бір бидің билерін орнына келтірмек уәдесі үш күннен жеті күнге шейін, съезд билерінікі жеті күннен жиырма бір күнге дейін, төтеншенің билігін бір айға дейін.

73-БАП

Егерде жетім қыз әке-шешесінің тірі уақытында құда болып атастырылған болса, біреуге әке-шешесі өлгеннен кейін құдалығын бұзған болса, алған күйеуі қалың малын айыбымен қайтарады. Егерде қыз бұрынғы атастырған күйеуіне тисе, онда ешкім әкесінен қалған тиісті жасауын және мирасын алуға тоқтау қылмасын.

74-БАП

Осы ережедегі айтылған барлық сөздер қазіргі съезге міндетті. Бөлек постановлениедегі жазылған сөздерден басқасы, ешбір тоқтатпайынша бітірмекке міндетті.

Бұл ереже мағлұм етілген соң, барша билерге, съездерге, болыстарға, старшындарға жаңадан ереже жасалғанға дейін осы ережелер жасалмай тұрып жасалған көшірмелер 67-ші бапта айтылған тәсіл бойынша сыйымды болады.

Дегенмен сол үшін осы 74 бапты ережені біздер жасадық. Қазақ рәсімініше таза көңіліміз һәм әділетімізбен және де растығына сендіреміз. Павлодар оязының биі Жүсіп Бәтішұлы, биі Иса Бірдаліұлы, биі Молдабай Сәрсенұлы, биі Мұқатай Келдібекұлы, биі Санияз Бабайұлы, биі Смағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Биі Серғазы Тайсарыұлы, биі Жалалатдин Рамазанұлы мөрлерін басты.

Қарқаралы оязының биі Хакім Құдаймендеұлы, биі Абай Майқыұлы, биі Бікеш Сыбанұлы, биі Елеубай Қашқынбайұлы, биі Белібай Тұманбайұлы, Абралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты. Биі Оспан Атақозыұлы, биі Баймұхамед Алдабергенұлы қолдарын қойды. Биі Иса Шонтыұлы таңбасын басты.

Семипалат оязының құрметті қазақтары Ибраһим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастанбекұлы, Ибраһим Нүркенұлы, билер Бектоғай Ботбайұлы, Иса Сүтжанұлы, Айтқазы Жексенайұлы, биі Жұмахан Жарқынбайұлы қолдарын қойды. Биі Сүйіндік Шақабайұлы, биі Әлжан Назарұлы мөрлерін басты.

Өскемен оязының болысы хорунжий Сіләм Әлиханұлы, құрметті қазақ Құрманғали Жақыпұлы, биі Жанкөдей Қойтыұлы, биі Ережеп Ноқайұлы қолдарын қойды. Болыс Иса Көнбасұлы, болыс Қабанбай Қошқарұлы, биі Үсен Қалабайұлы мөрлерін басты. Құрметті қазақ Қалматай Есқожаұлы таңбасын басты. Биі Қаумен Аманұлы қолын қойды.

Зайсан дуанының болысы Бөкеш Шаянбайұлы, болыс Билеуші Босқынбайұлы, биі Жұмақан Қисықұлы, биі Қоқаш Есенкелдіұлы

қолдарын қойды. Болыс Ақшал Қожабергенұлы, болыс Тәркімбай Жақсыбайұлы, биі Жайсаңбай Елемесұлы, биі Батбақбай Тілеуліұлы, биі Қайранбай Қуандықұлы мөрлерін басты.

Съезд бастығы Өскемен оязы Маевский қолын қойды. Семейпалат оязының лауазымын ада қылушы Казанцев, Зайсан приставының көмекшісі Нарбут, Қарқаралы оязының старший помощнигінің лауазымын ада қылушы Айтбакин қолдарын қойды, және военный губернатор Цеклинский қолын қойды.

Дұрыс: аудармашы Асанов

1886 жылы 14 ақпанда Семей облысы әскери губернаторының өкімімен басылған. № 1546

ҚАЗАН
Император Университетінің баспаханасы

1886